ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 сәуір № 4360-24-00-2/633 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«ПК» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Татьяна Владимировна Дубровко

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «ПК» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Татьяна Владимировна Дубровкоға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ПК» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Татьяна Владимировна Дубровко мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ПК» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Татьяна Владимировна Дубровкодан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 23.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 31.05.2024, судья Әбілқайысқызы А., 31.05.2024
4360-24-3-1/596

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 23.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 31.05.2024, судья Әбілқайысқызы А., 31.05.2024

4360-24-3-1/596